

2017 жылға мүгедектер үшін жұмыс орындарының квотасын белгілеу туралы

Мерзімі біткен

Қарағанды облысы Абай ауданының әкімдігінің 2017 жылғы 10 ақпандағы № 05/02 қаулысы. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 28 ақпанда № 4160 болып тіркелді. Мерзімі өткендіктен қолданыс тоқтатылды

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы", 2016 жылғы 6 сәуірдегі "Халықты жұмыспен қамту туралы", 2005 жылғы 13 сәуірдегі "Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы" Заңдарына сәйкес, Абай ауданы әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Меншік нысанына және ұйымдастырушылық-құқықтық нысанына қарамастан ұйымдарда қызметкерлердің тізімдік санынан пайызбен көрсеткенде қосымшаға сәйкес мүгедектер үшін 2%-дан 4%-ға дейінгі көлемде жұмыс орындарының квотасы белгіленсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің жетекшілік жасайтын орынбасарына жүктелсін.

3. Осы қаулы алғаш ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Абай ауданының әкімі

С. Шайдаров

Абай ауданы әкімдігінің
қаулысына қосымша
2017 ж. "10" ақпан
№ 05/02

Мүгедектер үшін жұмыс орындарына квота белгіленетін ұйымдардың тізбесі

№	Ұйымның атауы	Қызметкерлердің тізімдік саны	Квота көлемі (% қызметкерлердің тізімдік санынан)	Мүгедектер үшін жұмыс орындарының саны
1	"№10 мектеп Гимназия" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	101	3	3